

ӘӨК 821.512.122.09.01

**ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ТОПОНИМДЕР**

Геогр. ғылым. канд. Қ.Т. Сапаров

*Мақалада мал шаруашылығында пайдаланылған және пайдаланылатын жайылымдардың географиялық атауларда, топонимдердегі көрінісі сөз болады. Осы саладағы топоним қалыптасу заңдылықтары қарастырылған.*

Тарихи-географиялық тұрғыдан алып қарасақ кез-келген ел өз халқының салт-дәстүрімен ерекшеленеді. Мәселен, біздің елімізде ертеден бері дәстүрлі жайылымда бағылатын мал шаруашылығы, еттік бағыттағы мал шаруашылығы кеңінен өріс алған. Бұл жағдайлар республикамыздың табиғатының өзіндік ерекшелігіне байланысты болды. Бір сөзбен айтқанда Қазақстан үшін «жайылым» және «қоршаған орта» - өз ара жақын ұғым.

Жайылымдарды пайдалану тарихы 3000 жылдан асады. Жердің бұлайша ұзақ жылдар бойынша сақталуының ең негізгі сыры – мал өсірушілердің табиғат ерекшеліктерін жақсы білуінде және қоршаған ортаның ерекшеліктерін ескере отырып, жергілікті-жерде өндіріс құрудың қолға алынуында болатын.

Қазақстанның ұлттық байлығы болып саналатын жайылымдық жерлер 182 млн. гектарға тең, яғни жеріміздің 67,4%-ын алып жатуы еліміздегі геоэкологиялық жағдайды сипаттайды. Осы себепті жайылымы ауқымды жер алып жатқан елді мекендердің тұрғылықты халқының қоршаған ортаға әсері сол өңірдегі мал басының санына, оның жайылымды тиімді пайдалануына байланысты. [2]. Павлодар облысының аумағының 89,5 % ауылшаруашылық жерлер, оның 8153,2 гектарын жайылымдар құрайды [13].

Облыс аумағына кең таралған бетегелі-бозды, жусанды жайылымдар қарашірігі аз қара қоңыр, құмайты топырақты жерлерде кездеседі [17]. Дала белдемінде жатқан аумақтың өсімдік жамылғысы әр түрлі-шымды, астық тұқымдасты, бозды-селеулі, бетегелі–бозды болса, Ертіс маңы жайылмасы көп жылдық мезофитті: айрауық бидайық, шилі, қияқты және басқа да өсімдіктер бірлестігінен тұрады. Тұзды көлдерге бай

өңірлер, сортаңды және сор топырақта өсетін галофитті шалғынды, бұталы өсімдікті, жусан, кермек, көде, селеулі–бетегелі, оңтүстікке қарай жусанды-селеулі, жыңғылды өсімдіктер дүниесі таралып, жайылым түрлерінің келбетін қалыптастырады [3]. Өсімдік жамылғысының зоналық таралу ерекшеліктері оны пайдаланудың маусымдық жүйесін қалыптастырып отыр.

Сарыарқаның бір бөлігі Баянаула, Қызылтаудың бетегелі–бозды, қауданды жерін – “боз от”, нағыз жылқыға жайлы, қой-ешкіге - тау күңгейлері мен құмды даланың жусаны, яғни “қор отты”, (қараот), түйеге көбінесе ашылы сортаң жайылым қолайлы. Өзен–көл маңындағы ылғалды жерде өсетін бидайық, өлең шөпті, құрағы мол жайылымдарда шаруалар қосымша азықсыз табиғи жайылымда өз малдарын семіртетін [1]. Көшпелі мал шаруашылығының өзіне тән ерекшелігі–оның көшіп жүретіндігі. Жазғы жайылымнан (жайлау) қазақтар күзгі жайылымға (күздеуге) орын ауыстырған, ал қараша айында қысқы қонысқа (қыстау) көшіп барып күн жылынғанға дейін (наурыз, сәуір) сонда тұрған [4]. Табиғи ортаға нұқсан келтірмей, меридиандық бағытта көшіп жайылымның өнімділігін арттыруы, маусымдық экологиялық сипат негізінде туындаған. Әрбір қазақ руында өзінің белгілі көшетін жолы болған. Оның бағыты тек топырақ және климат жағдайларына емес, ру аралық қатынастарға байланысты болады. Көктеу мен күздеу әр уақытта қыстауға қарағанда анағұрлым кіші болады. Жазғы жайылым үшін шұрайлы шөбі мен тұщы суы мол өзен-көл, бұлақ маңы таңдап алынады. Мал жайылымы мен шабындықтар ондағы өсімдік жамылғысының сипатына қарай, маусымдық ерекшелікке ие болған әр түрлі малдың қажеттілігіне қарай жіктелген. Жазғы кезеңдегі жайылымдарға байланысты терминдер: **көк, көкорай, өртең, саз, жон, боз, жарық,отар,өріс,соны** т.б атауға болады [8].

Жазғы көші-қон қазақ өмірінің ең тамаша кезеңі.Сырттай қарағанда оты қалың өрістердің малға сүйкімді-сүйкімсіздігін бірден аңғаратын халық тәжірибесі туралы Мұса Шорманов былай жазады: «Егер мал ауылдан ұзамай, іргеден оттап жерге жабысып жатса, қоныстың шүйгінділігі, егер мал быт-шыт болып бытырай өрістеп, ауылдан ұзап, жүре жайылса, қоныстың қолайсыздығы, демек, бұл жердің өсімдік жамылғысы қалың болғанымен, оның ішінде мал сүйсіне жейтін қоректі шөбі аз, ал малдың көңілсіз жүре жайылуы оның сұйықтығын аңғартады» [18].

Қазақ халқы қысқы қоныстарын жазғы уақытта тапталудан мұқият қорғап отырған. Таудың қар басып қалмайтын “ық” жерлері қысқы қоныс үшін өте қолайлы еді. Жасанды су көздері (құдық) әдетте қыстауда, кейде көш жолдары мен жайлауда қазылатын [2]. Қысқы кезендерге тән **тебін, тепсең, бауыр, күнгеі, қопа, құм** жайылымдық терминдер өзіндік жүктемеге ие болып отыр және экологиялық ақпарат көзіне айналды. Қыс айларында жайылым қар астында қалатындықтан, жазды күні солтүстік өңірдің қай жері болса да, жайлау есебінде пайдалануға өте қолайлы келеді. Қысқы жайылым жетіспегендіктен Бараба, Құлынды даласына тұрақтаған қазақтар көршілес жатқан Ресей губерниясынан, Алтай таулы округынан жалға жер алып отырған. Ф.Шербина былай деп жазады: Павлодар уезінің таулы бөлігінде қысқы қар аз түсетін жерлер, өсімдік жамылғысына бай, тебіндеуге өте қолайлы қысқы жайылым болып табылады. Баянауланың таулы беткейлерінде соғатын оңтүстік-батыс желдері әсерінен, қары ұшырылған бетегелі, жусанды жайылымдар қой жаю үшін маңызды. Жергілікті қазақтар жайылымның ерекшелігін бағалап, “**қараш**”, “**жерқара**”, “**қағыл**”, деп атаған [9].

**Қағыл** (қырбақ қар), қағу – қоңыр салқын мағынасында айтылады. Қыстаудан жайлауға қозғалу мерзімінің әр жылы әркелкі болуын Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны М.Шорманов былай сипаттайды: Қыстаудан көшу көктемнің басталуы мен жергілікті жердің ерекшеліктеріне байланысты болады, яғни қар кеткенмен ауа-райы әлі салқын болып, қыстауда әлде де мал қоректенерліктей жайылым болған жағдайда қазақтар күн жылынғанша қыстауда отыратын. Қыстау әбден желініп, тозса, көше бастайтын. Жазғытұрым қыстау маңында қанша отырса да, келесі қысқа дейін қыстық жайылымдар жетіліп үлгеретін [18]. Сондықтан жайылым атаулары жергілікті географиялық терминология негізінде қалыптасады. Қыс айларында қой бағу қиынға түсетіндіктен, жұмыс жайылымның сапасын білетін, ауа-райын, желдің бағытын бағдарлай алатын тәжірибесі мол адамдарға жүктелетін. Қысқы мал жайылымында жылқы күні-түні далада жайылып бағылатындықтан қиындықтар туғызатын [9]. “Жылқыны жылқының тұяғынан да қатты адам бағады” деген нақыл сөз халық арасында кең таралған. Қыста мал тебінде болады, сондықтан қысқы жайылым атауларында осы ерекшелік басты мағыналық сипатқа ие болып, **Тебін** термині қалыптасты. Қазақтың халықтық географиялық терминдерінде жиі кездесетін жайылым атауларына талдау жасап, жіктеп, алғаш рет жүйеге келтірген

Ғ.Қоңқашпаев болатын. **Күнгей** – таудың күнге қараған оңтүстік беткейі. Жайылымның көктемде мал бағуға болатынынан хабар береді. Баянаула тауларындағы **Қаракүнгей** қоныс атауы бағдарлау, климат ерекшелігін сипаттау нәтижесінде қалыптасқан. Дене мүшелеріне сәйкес келетін метафоралар “аяқ”, “бауыр” қыс айларында малды суық желдерден қорғайтын тау аралық, тау етегіндегі малды суық желдерден қорғайтын таулы жайылымдар. **Аяқ – жаманқұдық, Аяқшат, Аяқшілік, Аяқтомар, Аяққамыс, Құтаяқсор, Бауыр көл, Бауырталдың бауыры, Бауырталдың сырты, Бауыршілік** қоныс атаулары, тау беткейлерінің арасындағы жайылымдар, шаруашылық маңызына қарай тұрақтанған. Жер бедерінің ерекшелігін сипаттайтын **жарық төскей, қабак өзек** терминдері жергілікті топонимдерде көрініс тапты. **Қабак** - өзен көлдің биік жағалауындағы жайылымдар. **Қабак, Қарақабак-** қоныс атаулары. **Жарық** – ағынды, сулармен тілімденген жерлер немесе өзеннің ағынын атайды [7]. **Жарық** (6 қон.), **Аралжарық Бөлекжарық, Жарыққұдық, Жарыққана,** түстен басқа **Қаражарық, Сарыжарық, Кеңжарық** қоныстың кеңдігін білдіреді. **Төскей** – аласа қыратты жерлер. **Төскей,** қон., **Төскейбұлақ** су көзінің тау етегінде орналасқанынан хабар береді. **Өзек** – жергілікті географиялық атауларда кездесетін өзен тармағын, ескі арнаны білдіреді. Гидронимдік негізде қалыптасқан өзек термині 35-ке жуық географиялық атауларда кездесіп отыр. Жайылымның ерекшелігін бейнелейтін **Ащылыөзек, Өзекөлең, Өзекағаш, Қарағанды өзек, Қоныр өзек, Отөзек, Май өзек** қоныс атаулары өзіндік жүктемеге ие болып отыр. Дала зонасында топырақтар жамылғысы сан алуандығымен ерекшеленеді. Жазықты, ұсақ төбелі жерлерде кездесетін сорлы және сортаңды топырақта көкпек, қаражусан, кермек өсетін жерлер, мал жайылымы үшін пайдаланылады. Жусанды жайылымдарда жазда да, мал жайылымын толық ұйымдастыруға болады. Күзде жаңбырмен жібіген, ащысы кеткен жусандар жақсы желініп, мал семіртетін азық ретінде қызмет етеді [2]. Күзде малды семірту үшін осындай жайылымдар (шақат, сортаң) пайдаланған. Сортаңда жайылған малдың (қой) жүні жылтырап, шәйірі мол әрі тегіс болған. Географиялық тұрғыда шақаттар “тас грунтты” және сортаңды топырақтар, өсімдік жамылғысы сирек кездесетін жерлер ретінде сипатталады [8]. Ф.Щербина Павлодар уезінің шаруашылығын зерттеу, есеп жүргізу мәліметтерінде шақаттар туралы деректер келтірген. **Шақат** - астық тұқымдасты өсімдіктер кейде сарсазан, жалманқұлақ өсетін сортаң жерлер. Көктемде су жиналып, мал суаруға

мүмкіндік туғызады. Әсіресе шақатты жерлер Ертістің оң жағалауында, Әжболат, Борлы көлі және таспалы орманды қарағай арасында кездеседі. Облыс аумағында кездесетін **Шақат, Шақа** елді мекен атаулары, жер бетінің жамылғысы, бетіне сары, ақ болып шығып жататын, өсімдік дүниесіне кедей, суы тартылып қалған көлдер маңында шоғырланған [9]. **Тақыр**- өсімдік жамылғысынан айрылған, беті тегіс сазды жыныстардан тұратын, жазда суы тартылып, жарылып кететін жерлер. **Тақыр** е.м., **Қабан тақыр** көлі, **Бала тақыр** қоныс атаулары өсімдік дүниесінен айырылған жерлерге тән келеді. **Ащы** мен ащылауыт жайылымдар ретінде өзен аңғарлары мен жайылмаларында, көлдер мен сорлардың ойыстарында орналасады. Ғ.Қоңқашпаев ащылауыттың топырағының тұздылық дәрежесі ащыға қарағанда төмендеу келетінін жазады [8]. Бұл жайылымдық термин малшылар арасында жиі қолданылады: “мал ащыда жатыр” дегенді жиі естуге болады. **Ащы тақыр, Ащы қоныс, Ащы айрық, Ащыбойы** қоныс монғ. “бай”, маңында өсімдік жамылғысы қаулап өскен жайылым мағынасында айтылады. Құмдар көшпенді қазақ шаруашылығы үшін ғасырлар бойы қысқы жайылым ретінде пайдаланып келген. **Құм** сөзінің ландшафтық термин ретінде қалыптасуында құмдардың шаруашылықтық маңызы, яғни жайылымдық мүмкіншіліктері белгілі дәрежеде рөл атқарған.

Құмды жайылымдарда жайылатын мал өте күйлі, етінің сапасымен ерекшеленетін. Орографиялық нысандарды анықтайтын **Құм** сөзімен 15-ке жуық географиялық атаулар кездесіп отыр. **Құмсуат** е.м., **Құмдықөл, Аққұм, Құмқұдық** қоныс аттары жайылымдық атауға негізделген. Терминологиялық лексикада жиі кездесетін жайылымның түсін анықтайтын **Боз, Қараот, Көк, Шұбар** өсімдік жамылғысының әркелкілігімен ерекшеленеді. Е.Керімбаев: «Қазақтың географиялық терминологиясында түсті білдіретін сөздер жайылымдарды белгілеу үшін қолданылады. Түске байланысты қалыптасқан көне топонимдер, көбінесе жайылымдардың өнімділігін бейнелейді» деп жазады.[6]. **Боз** терминімен селеулі – бетегелі өсімдіктер басым өскен, астық тұқымдасты өсімдіктерден тұратын далаларды анықтайды [8].

Боз деп қазақ селеудің түрін атайды. Өсімдік атының түсіне орай қойылған, мұндай өсімдік басым болатын далалық жайылымның сыртқы көрінісі де бозғылт келеді. **Боз** селеулі жайылымдар тобы - әр түрлі бозды, қылқан селеулі, садақбозды, қызыл селеулі бозды және бетегебоздылар Ертіс–Баянаула өңірінде үлкен алаңдарды алып жатыр. Қазақтар ежелден

боздарды жылқы малы үшін ең бағалы жайылым ретінде есептеген. **Бозша** е.м., **Бозарал**, **Бозшакөл** (3 көл,) **Бозшасор**, **Бозалаң** е.м, боз өсімдігінің ареалының кендігін білдіреді. **Қоңыр** терминін Ғ.Қоңқашпаев өсімдікпен бекіген құмды төбелерге қатысты түсіндірсе [8], Е. Койшыбаев [7] фитоним ретінде қарастырады. Орографиялық нысандар **Қоңыртас**, **Қоңыртау**, **Қоңырша** қоныс атаулары өсімдік жамылғысына байланысты қойылғаны анық. Антропонимнен туындаған **Сейтен қоңыр**, **Телеміш қоңыр**, **Тоқан қоңыр** және т.б. атауға болады. **Шұбар** термині Ғ.Қоңқашпаевтың топшылауынша қайыңды-көктеректі шоқтар деген мағынаны білдіреді [8]. Орманды дала зонасымен шекарада жатқан Железинка, Қашыр аудандарында қайыңды және қайыңды – көктеректі, даладағы шөптесінді өсімдіктерін көп жағдайда мал жаюға пайдаланса, тоғайлар жойылып, геоэкологиялық жағдайда дағдарыс туындап отыр. Ылғалы мол бағалы мал азығын құруға пайдаланылатын жер қоры сортаңды кешендер мен батпақты телімдер болып табылады. Қайыңды және қайыңды-көктеректі шоқтар орман ландшафтының келбетін қалыптастырады. **Шұбарайғыр** өз, е.м. **Шұбарөзен бұлақ**, **Шұбартерек көлі**, **Шұбаршілік бұлақ** атаулары бейнеленіп көрініс тапты.

Жайылымның ылғалдылығы жөнінде хабар беретін **бидайық**, **қақ**, **қоға**, **саз**, **томар** терминдері гидронимдер құрамында жиі кездеседі. **Бидайық-** (фитоним) терминін Ғ.Қоңқашпаев “пішіні табақ тәрізді тұйықталған өсімдіктер өсетін жер ретінде сипаттайды”. **Қақ** деп жаз айларында құрғап, тақырларға айналып кететін таяз көлдерді атайды. Суы ащы, кермектілігі жоғары, су маңында өсетін галофитті өсімдіктер жайылым үшін пайдаланады. Қақ–көктемде қар суынан іркіліп, суат есебінде пайдаланылады. **Қоңырқақ**, **Қарақақ**, **Жаманқақ**, қон,, **Қызылқақ** көлі атауларын қарастыруға болады. **Қопа-** қамыс және қоға қаулап өскен көл, батпақты жерлерді сипаттайды [7]. **Күзеуқопа**, **Қамысқопа**, жүріп өте алмайтындықтан **Айналмақопа**, **Кішкенекөпа**, **Ортақопа** ағашы, **Шегенқопа**, **Сарқопа** т.б. атауға болады. Литологиялық тұрғыда құмды жыныстармен қатар жайылымдық жерлердің топырақ жамылғысын қалыптастыруға сазды, әктасты, тұзды жыныстар негіз болған. Саздар топырақ құрамындағы судың мөлшеріне қарай әркелкі болады. **Бессаз** қон, **Сазқұдық**, **Сазағаш** қоныс атауы бар.

В.Н.Попова **Саздық-Торғай** өзенінің маңында мекендейтін батпақ торғайымен байланыстырады [11]. Е.Қойшыбаев торғай жалпы түркі тілінде тор (төр, дала жүйелес: сай, терең тар шат, ойпат) + кішірейткіш

ғай (-қай) аффиксінің қосындысынан қалыптасқан атау ретінде қарастырады [7]. **Саздықторғай** өз., тауаралық топырағы сазды жерлер арқылы ағып шығады. **Томар** термині солтүстік өңірлерде жиі кездеседі, шалғынды өсімдіктер өсетін, жерасты сулары мен қоректенетін төмпешікті–батпақты сазды жерлер. Алтай тілінде төмпешік [10]. В.В.Радлов сөздігінде “ағаш түбірі”, батпақты төмпешікті жерлер [12]. **Томар** термині 22 атауда көрініс тапты. **Бозтомар, Қарашаттомар, Қаратомар, Томарлытомар батпақ, Томаршілік** бұлақ атаулары өсімдік жамылғысымен ерекшеленіп, жайылымның бағалы түрлерінің қатарына жатады. **Тал, шілік** (жатаған тал) терминдері жайылым атауында кездесуі ландшафтық ерекшеліктерден хабар береді: өзен-көл, сулы жерлерде кездесетін бұл өсімдіктер жайылымның ерекше сипатын анықтайды. **Тоғай** деп шалғынды өсімдіктерге бай өзен жайылмасын айтады [17]. **Ақтоғай** аудан орталығы Ертіс жайылмасында орналасқан. **Бозтоғай, Баянтоғай** қоныс, **Қаратоғай** (2 бұлақ) **Тоқтоғай** қоныс атауы: 40-қа жуық топонимдерде бейнеленіп, тоғайлы жердің көптеп кездесетінін аңғартады. **Тал, шілік** (жатаған тал) терминдері жайылым атауында кездесуі ландшафтық ерекшеліктерден хабар береді. Тоғайдың өзіндік ерекшелігі ірі кара малын жаюға өте қолайлы келеді. **Ақтоғай** е.м. аудан орталығы Ертіс жайылмасында орналасқан. **Бозтоғай** қон., е.м., **Баянтоғай** қон., **Қаратоғай** (2 бұлақ), **Тоқтоғай** қон., 37 атауда бейнеленіп, тоғайлы жердің ареалының кеңдігін білдіреді. **Жайма**–А.С.Титованың пайымдауынша, жайпақ, тегіс, өзен жайылмасы [14]. Ғ.Қоңқашпаев жайылма /жайма/, суарма шалғын мағынасында қарастырады. Х.Тілемісов жазады: суарма шалғын өзен аңғарына орналасқан және ауық-ауық су басатын шабындық алқап. Жайма термині арқылы **Жайма** қон., е.м., атаулары қалыптасып отыр [15].

Халық түсінігінде құйқалы жер деп шөбі қалың өсетін **Соны** жайылымды атайды, яғни мал тісі (тұяғы) тимеген қауданды жайылымдар қыстаулардан 20, 30, 10 км қашықтықта елсіз жерлерде кездеседі [2]. Қос маңындағы жайылымның оты сұйылған кезде жұрт аударып екінші жерге көшіп отырған. **Жал** терминін Ғ.Қоңқашпаев беткейі тік, етегі мен жондары ерекшеленіп, созылып жатқан қырат – төбелерді атайды [8]. Жал мағынасы жайылымдық тұрғыда “жыртылмай немесе шабылмай қалған жерлер дегенді білдіреді” [15]. **Жал** қон., **Үшжал, Қаражал** (4 қон.), **Ұзынжал** қон., **Сарыжал** көлі, е.м. атаулары кездесіп отыр. Қазақ даласының солтүстігіндегі шет аймақтарын аралаған А.К.Гейнс: Жұтта

малынан айырылған қазақтар отбасының көмегімен шөп шауып алып, кездейсоқ жағдайларға ұрынудан қорғануды қамтамасыз ете алатынын сипаттап жазады [5]. Қазақтардың шөп шабуға көшуі мал шаруашылығына белгілі бір тұрақты сипат берді, оның қолайсыз табиғи жағдайларға қарсыласа алуын күшейте түсті. Ф.Шербина Павлодар уезінде жүргізген зерттеу, мәлімет жинау жұмыстарының қорытындысын былай тұжырымдайды: “Қазақтар өз жеріне иелік ету құқығынан айрылған, өз жерін біреуге не сата алмайды, не сыйлыққа бере алмайды”. Жалға алынған жерді пайдалану ретінде—жал ақылардың мынадай түрлері төленетін болған: **“түтін ақша”, шабындық алым, жайылым ақы.** **“Түтін ақша”** әрбір үйленген ер адамдардан алынатын болған. Шабындық шөптің сапасы, дайындалған қыстауға тасымалдауға ыңғайлығына байланысты әр түрлі болады. Павлодар уезі бойынша 1897 жылы жалға берілген шабындықтардан 2236354 шөмеле пішен дайындалып, әр шөмеле үшін орта есеппен 3,4 тиын төленіпті. **“Жайылым ақы”** жалға берілген жайылым үшін үш түрлі ақы төленетін болған: **“көк алым”, “тұяқ ақша”, “ақ торық”**.

**Көк алым**—шабындықтағы шөп шабылып, маялар қыстауға тасылып болғаннан кейін қазақтардың жерлеріне жайылымға мал жіберу үшін мал иесінің беретін төлемі. **“Тұяқ ақша”**—әр түрлі себептермен шөбі шабылмай қалған тоғай арасындағы ашық жерлерге, көбінесе қар түскен соң мал жаю үшін төленетін төлем. **“Ақ торық”** Ертістің жағалауындағы өсетін бозды – селеулі жайылымдар саудаға түсіп, (торгқа) жалға беріліп отырған. Селеу өскен бозды жерлерді қазақтар тілге жеңіл болу үшін “ақ торық” деп атаған. Жыл сайын жергілікті қазақтар жерді пайдалану үшін (жалпы) 89219 сом 39 тиын жал ақысын төлеп тұрған [9]. Шөп шабу, пішен дайындау нәтижесінде **Пішенді** көл, қон., **Пішенқұдық, Маяжон** е.м., **Маяшапқан, Бесмая** атаулары қалыптасты. Қайыңды—көктеректі шоқтар, таспалы қарағай орманы арасында шөбі мол жайылымның ерекше түрі алаңдар жылқы жаюға, әдетте қыс айларында қолайлы болған. Сейтен, Маралды болысына беделді, қазақта алғаш рет қажылыққа барған Нүрекен (Нұрмағамбет) байға 12 мың жылқы біткен. Ол қысқы жайылымдар жетіспегендіктен Батыс Сібір өкіметінен Ертістің оң жағалауында 11 мың десятина жерді жалға алып қыста жылқыларын **Құлынды** даласында тебіндетеді екен. Жылқыларын қарағайдың ішінде **“жылқы алаңы”** деген үлкен алаңға иіргенде, ол толса, түгел деп



есептейді [16]. **Бозалаң** е.м., **Жаксы алаң**, **Үлкен алаң**, **Кеңалаң** қоныс атаулары шөбі шүйгін бағалы жайылым ретінде қарастырылады.

Ландшафтардың құрамдас бөліктерін (литология, жер бедері, климат, су көздері, топырақ, өсімдік жамылғысы) ұштастыратын және біртұтас табиғат жағдайларын сипаттайтын жайылымдық атаулар жүйесінің ерекшеліктері топонимдерде көрініс тапқаны айқын. Жайылымдық құдық түрлеріне қатысты атаулар, төрт түлікке (түйе, сиыр, жылқы, қой) байланысты дәстүрлі шаруашылықта қазақ халқы ландшафтық ерекшеліктерді кеңінен падаланғанын, яғни географиялық атаулардың геоэкологиялық негізде қалыптасқанын көрсетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Арғынбаев Х.А. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк.- Алматы, 1969. – 172 б.
2. Асанов Қ.Ә., Елешев Р.Е., Алимаев Н.Н. Жайылым және экология. – Алматы: Ғылым, 2001. – 468 б.
3. Атлас Казахской ССР – М.: ГУГК, Т. I. 1982. – 82 с.
4. Бехмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20 – 40 жылдарында (оқу құралы). – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
5. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов.– Т. I. – СПб, 1897. – 589 с.
6. Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: Автореферат док. дис. – Алма-Ата, 1992. – 61 с.
7. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі.– Алматы, 1985.-256 б.
8. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины // Изв. АН КазССР, серия географическая. -Алма-Ата, 1951. - Вып.3. –С.3-47.
9. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Павлодарская уезд. Т.IV.- Воронеж,1903.-386 с.
10. Мурзаев Э.Н. Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. – 653 с.
11. Попова В.Н. К этимологии гидронима Иртыш // Языки и топонимия Сибири. –Ш. - Томск, 1970. – С.12-20.

12. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – СПб, 1888-1911, Т. III, 355 с.
13. Система ведения сельского хозяйства Павлодарской области. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2003. – 308 с.
14. Титова А.С. Словарь русской транскрипции терминов и слов, часто встречающихся в географических названиях Казахской ССР. – М., 1960. -61с.
15. Тілемісов Х., Рамазанов Е. Ауыл шаруашылығы сөздігі. – Алматы: «Қайнар», 1992. – 496 б.
16. Түкібасов .У.М. Киелі жандар және ұрпақтары (тарихи-зерттеулер). –Павлодар, 2002. – 480 б.
17. Флора и растительность Северного и Западного Казахстана (перспективы использования). – Алма-Ата: Наука КазССР, 1987. – С.99.
18. Чорманов М. О киргизах Павлодарского уезда. Записки Сиб. Отд. РГО, кн. XXXII, 1906. – С.30.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің

### **ТЕРМИНЫ И ТОПОНИМЫ ПАСТБИЦ**

Канд. геогр. наук К.Т. Сапаров

*В статье обсуждается отражение пастбищ в топонимах, географических названиях и рассматривается формирование топонимов в этой отрасли природопользования.*